

**«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК  
және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жанындағы  
Ислам ғылыми-зерттеу институты арасындағы  
ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ**

1 қазан, 2025 жыл

**«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК** Жарғы негізінде әрекет ететін директор м.а. Дүкенбаев Нұрлан Мұсағалиұлы атынан, бір жағынан және, бір тараптан және **Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жанындағы Ислам ғылыми-зерттеу институты** (бұдан әрі – Институт) атынан әрекет етуші директор, қауымдастырылған профессор Қыдыр Төрәлі Еділбайұлы, екінші тараптан, бірлесіп «Тараптар» деп атала отырып және Тараптардың ғылыми зерттеу және мәдени байланыстарды тереңдету, мақсатында ынтымақтастық тараптарының өзара мүдделілігін негізге ала отырып, осы ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойып, төмендегілер туралы келісті.

### **1. Мақсаты**

Осы Меморандум мақсаты – тараптар арасындағы ғылыми-зерттеу, білім беру, экспедициялық, тарихи-мәдени, рухани бағыттағы ынтымақтастықты орнату және дамыту.

### **2. Ынтымақтастық бағыттары**

Тараптар келесі бағыттар бойынша өзара әріптестік орнатуға келісті:

2.1. Ғылыми-зерттеу және мәдени-білім беру жобаларын бірлесіп әзірлеу және іске асыру;

2.2. Қожа Ахмет Ясауи мұрасы бойынша бірлескен зерттеулер жүргізу;

2.3. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі және айналасындағы жерленген тұлғалар бойынша бірлескен ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу;

2.4. Бірлескен ғылыми және ғылыми-практикалық конференцияларға, семинарлар мен симпозиумдарға, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру, өткізу және қатысу;

2.5. Архивтік және қолжазбалық материалдармен алмасу;

2.6. Бірлескен ғылыми жобалар мен бағдарламаларды ұйымдастыру, сондай-ақ өзара зерттеу бағыттары бойынша материалдар мен нәтижелерді (жетістіктерді) ұсыну, басылымдарда ғылыми жарияланымдар ұйымдастыру;

2.7. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының басым бағыттарын айқындау бойынша кеңес беруді жүзеге асыру;

2.8. Тараптар өкілдерінің біліктілігін арттыру мақсатында тағылымдамаларды ұйымдастыру шеңберінде ғалымдар мен мамандармен алмасу;

2.9. Ғылыми ақпаратпен, құжаттамамен, қолжазбалар, әдебиет және библиографиялық басылымдармен алмасу, сондай-ақ жекелеген мәліметтер көшірмелерін жасауға мүмкіндік беру;

3. Тараптардың қолданыстағы ұлттық заңнамаларында тыйым салынбаған ынтымақтастықтың өзге де нысандарын пайдалану.

### 3. Меморандумның сипаты

3.1. Осы Меморандум – тараптардың ынтымақтастыққа ниетті екендігін білдіретін, заңды міндеттемелер жүктемейтін құжат болып табылады.

3.2. Ынтымақтастық шеңберінде нақты жобалар қосымша келісімдер мен шарттар арқылы жүзеге асырылады.

### 4. Меморандумның қолданылу мерзімі

4.1. Меморандумға қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және 5 (бес) жыл мерзімге жасалады.

4.2. Тараптардың келісімі бойынша мерзімі ұзартылуы мүмкін.

4.3. Тараптардың біреуі өзара жазбаша ескерту жасаған жағдайда, Меморандум күшін жояды.

### 5. Қорытынды ережелер

5.1. Меморандум қазақ тілінде екі данада жасалды.

5.2. Барлық мәтіндер бірдей заңдық күшке ие.

Қазақстан Республикасы  
Түркістан облысы,  
Түркістан қаласы,  
Әмір Темір көшесі, 53 А  
«Әзірет Сұлтан» Ұлттық  
тарихи-мәдени музей-қорығы»  
РМҚК директор м.а.

Н.М. Дүкенбаев



Қазақстан Республикасы  
Алматы қаласы, Пушкин көшесі,  
16/1 ҚМДБ Ислам ғылыми-  
зерттеу институтының директоры

Төрәлі Қыдыр

